

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Экономика және бизнес Жоғары мектебі

«Қаржы және есеп» кафедрасы

NN 3221 «Салық және салы салу» пәні бойынша

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР**

3-курс

«6В04103 – Экономика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының оқу
жоспары негізінде

Алматы, 2021ж.

Құрастырушы:

Сихимбаева Б.Н.,
«Қаржы және есеп» кафедрасының
аға оқытушысы

«Салық және салық салу» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып,
ұсынылды.

«15» ақпан 2022ж., хаттама №11

**«Салық және салық салу» пәні бойынша қорытынды емтихан
жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстар
КІРІСПЕ**

Осы курсты оқыту нәтижелері бойынша Univer АЖ-да өткізіледі. Емтихан форматы – синхронды. Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді жүйеге тікелей енгізу арқылы жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Univer АЖ-дағы прокторинг – жоқ. Емтихан сұрақтары автоматты түрде қалыптастырылады.

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТИ: емтихан студенттерге алдынала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

1. Алдымен компьютерлік құрылғыдағы (моноблок, ноутбук, планшет) интернет байланысын тексеру керек. Құрылғы емтиханның барлық уақытында электр қуатымен қамтамасыз етілуі керек.

2. Univer.kaznu.kz веб-порталын кез келген браузер арқылы ашуға болады, Google Chrome браузері арқылы ашу ұсынылады.

3. Өз есептік жазбаңызбен кіруіңіз қажет. Егер білім алушы өзінің логині мен құпиясөзін есіне түсіре алмаса, емтихан басталғанға дейін өзінің куратор-эдвайзеріне хабарласуы тиіс.

4. Оқу сатысына байланысты «Бакалавр» бетіне өтіңіз. Содан кейін Емтихандар кестесі функционалын белсендіріңіз

5. Емтихан уақыты келген пәндер үшін Жазбаша емтихан тапсыру командасы пайда болады (қызыл түспен белгіленген). Бұл білім алушының сілтеме бойынша өтіп, емтихан сұрақтарына жауап бере алатындығын білдіреді.

Білім алушы өзінің емтихан кестесін қарау бетінде «Емтиханды бастау» функциясын қолдануы керек.

– Жазбаша емтихан тапсыру функциясы емтихан уақыты басталғаннан кейін ғана белсенді болады.

– Жазбаша емтихан тапсыру функциясы білім алушыға емтихан кезінде қолжетімді. Емтиханға белгіленген уақыт барлық факультеттер мен мамандықтар үшін бірдей.

– Жазбаша емтихан тапсыру функциясы тек ашылмаған қорытынды тізімдемесі бар білім алушылар үшін белсенді (емтихан, қайта тапсыру, Incomplete).

– Жазбаша емтихан тапсыру функциясы емтихан тапсыруға бөлінген уақыт өткеннен кейін жабылады.

Univer АЖ-да білім алушы файлдарды жүктей алмайды. Ол өз жауабын жауап өрісіне компьютердің пернетақтасы арқылы онлайн режимінде енгізуге міндетті. Мәтіндік жауапта сурет, формула немесе басқа арнайы таңбалар болмауы керек.

Сілтеме бойынша Жазбаша емтихан тапсыруға көшкеннен кейін терезе ашылады, онда білім алушы емтихан билетінің сұрақтарын көреді. **Емтиханның ұзақтығы дәл 2 сағатты құрайды.**

Уақыт аяқталғаннан кейін жүйе жазбаша жауаптарды қабылдамайды. Сондықтан басылған жауаптарды уақыт аяқталғанға дейін мезгіл-мезгіл сақтау ұсынылады. Бетте таймер көрсетілген, ол арқылы білім алушы уақытын

бақылай алады. Егер емтихан кезінде білім алушылар интернет байланысын жоғалтса немесе білім алушы бетті кездейсоқ жауып тастаса, онда ол 2-ден 7-ге дейінгі қадамдарды қайталай отырып, қайта қосылуы немесе қайта кіруі керек. Емтихан уақытында білім алушы жүйеге оралып, билеттің сұрақтарына жауап беруді жалғастыра алады.

Сізге ыңғайлы болу үшін жүйе әр 5 минут сайын жұмысты (мәтінді) автоматты түрде сақтайды.

– Сіз Microsoft Word құжатында жауаптарды тере аласыз және бұл мәтінді Univer жүйесіндегі жауап өрісіне көшіріп, қоя аласыз.

– Билеттер сұрақтарына жауап беру бетінде «Сақтау» батырмасы бар, терілген жауаптарды уақыт аяқталғанға дейін мезгіл-мезгіл сақтау ұсынылады.

– Жауап сақталғаннан кейін, шеттен алып пайдаланудың бар-жоғын тексеру үшін файл автоматты түрде жіберіледі.

Емтихан аяқталғаннан кейін сіздің жауаптарыңыз емтихан алушыға тексеру үшін жіберіледі, ол сіздің мәтіндік жауабыңызды егжей-тегжейлі талдай отырып, Антиплагиат.ру жүйесінің есебін қосымша зерттеп, емтихан тапсырмасына берген жауабыңызды бағалайды.

Төмендегі тақырыптар бойынша емтихан сұрақтары дайындалады:

1. Салықтардың экономикалық мәні мен табиғаты.
2. Қазақстан Республикасының салық жүйесі: құрылу кезеңдері мен бүгінгі жағдайына сипаттама.
3. Салық саясаты және оның мемлекетіміздің экономикалық саясатындағы алатын орны
4. Көлік құралдарына салынатын салық.
5. Жер салығы және бірінғай жер салығы.
6. Мүлік салығы
7. Қосылған құнға салынатын салық (ҚҚСС).
8. Акциздер.
9. Ойын бизнестеріне салық салу және тіркелген салық
10. Корпоративтік табыс салығы.
11. Жеке табыс салығы.
12. Экспортқа рента салығы . Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу
13. Әлеуметтік салық.
14. Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі (АСР)
Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі
15. Алымдар, төлемдер және баждар

Емтихан тапсыру нәтижесінде студенттерде қалыптасатын қабілеттіліктер:

- Салықтардың экономикалық мәнін, салық салу негіздерін біледі;
- ҚР Салық салу жүйесін, салық саясатын және салық салу механизімін қалыптастыра алады;
- Меншікке салынатын салықтардың түрлері: көлік құралдарына салынатын салық, жер салығы, мүлікке салынатын салықтарды біледі;
- Тұтынуға салынатын салықтар: қосылған құн салығы және

акциздерді біледі;

– Табысқа салынатын салықтар: корпоративті және жеке табыс салығын біледі;

– Экспортқа рента салығы және әлеуметтік салықты біледі;

– Арнаулы салық режимдерін және алымдарды, баждарды ажырата біледі.

«Салық және салық салу» пәні бойынша емтихан сұрақтары:

1. Салықтардың экономикалық мәні.

2. Салықтардың пайда болу нысандары.

3. Салықтардың атқаратын қызметтері, міндеті.

4. Салықтардың фискалды міндеті.

5. Салық ставкалары және оның салық салу жүйесіндегі мәні.

6. Салық салу әдістері және оның сипаттамасы.

7. Салық жеңілдіктері және олардың табыстарды ретеп, өндірісті ынталандыру ролі.

8. Салық жүйесінің классификациясы.

9. ҚР салық жүйесі: қалыптасу кезеңдері, қазіргі кездегі жағдайына сипаттама.

10. Меншікке және табысқа салынатын салықтар.

11. Мүлікке салынатын салықтың атқаратын қызметтері мен құрылу қағидалар және экономикалық мәні. Салық ставкалары.

12. Мүлікке салынатын салықтар бойынша қолданылатын жеңілдіктер мен оның қолданылуы.

13. Мүлік салығы бойынша салық төлеушілердің төлеу мерзімін бұзғаны үшін және салықты дұрыс есептемегені үшін жауапкершілігі.

14. Жеке және заңды тұлғалардың түрлі көлік құралдары бойынша салықты есептеу мен төлеу тәртібі.

15. Көлік құралдарына салынатын салықтың экономикалық мазмұны.

16. Көлік құралдарына салынатын салықтың салық салу объектісі.

Ставкаларды қолданудың ерекшеліктері.

17. Жер салығын төлеушілер. Салық салу объектісі.

18. Жер салығын есептеу мен төлеу тәртібі.

19. Жер салығын есептеу мен төлеу тәртібі.

20. Арнаулы салық режимінің мәні мен мазмұны.

21. Арнаулы салық режимі және қолданудың ерекшелігі

22. Арнаулы салық режимінің қолдану аясы.

25. Қосылған құнға салынатын салық.

26. Салық салу объектісі мен төлеушілері.

27. Салық салынатын айналым және салық салынатын импорт.

28. Акциздердің экономикалық мазмұны және оның жанама салықтар жүйесіндегі атқаратын ролі.

29. ҚР өндірілетін және өткізілетін акциздік тауарлар мен акцизделетін қызметтер түрлеріне салық салу.

30. Мемлекеттік баждың экономикалық табиғаты, қолдану қажеттілігі және есептеу тәжірибесі.

31. Заңды тұлғалар табысына салынатын салықтың экономикалық мәні мен мазмұны.

- 32.Корпорациялық табыс салығының ставкалары.
- 33.Жеке табыс салығының даму эволюциясы және оның экономикалық мазмұны.. 10.Жеке табыс салығының құрылу негіздері: төлеушілері мен салық салу объектісі.
- 34.ЖТС әлеуметтік-экономикалық міндеті және оның халыққа салынатын салықтардың ішіндегі алатын орны
- 35.Қазақстан Республикасында резидент еместерге салық салу.
- 36.Салықты табыс алатын заңды тұлғалар, резиденттер мен бейрезиденттер.
- 37.Резидент емес-жеке тұлғаларға салық салу тәжірибесі.
- 38.Әлеуметтік салық ұғымы. Әлеуметтік салықтың салық салу объектісі мен төлеушілері.
- 39.Әлеуметтік салықтың экономикалық мәні мен мазмұны. ҚР оны енгізудің алғышарттары.
- 40.Мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты төлеу ерекшеліктері.
- 41.Жерқойнауын пайдаланушылардан алынатын төлемдердің экономикалық мәні мен мазмұны.
- 42.ЖҚП-дың төлейтін арнайы салықтары мен төлемдері
- 43.Бонустарды алу мен төлеу тәртібі.Пайдалы қазбаларды өндіру салығы.
- 44.Үстеме пайда салығы: объектісі мен төлеушілері.
- 45.Үстеме пайда салығының ставкалары.
- 46.ҚР жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың даму эволюциясы.
- 47.Жер қойнауын пайдаланушылардан алынатын төлем түрлері.
- 48.“Алым” туралы ұғым және оның басқа салықтар мен төлемдерден айырмашылығы.

Әдебиеттер:

1. Ермекбаева Б.Ж. Мустафина А.Қ. Салықтық әкімшіліктендіру. Оқу құралы, Алматы Қазақ Университеті, 2017ж.
2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ
- 3.Ермекбаева Б.Ж. және Мустафина А.К. Салық менеджменті Оқулық,Алматы Қазақ Университеті, 2018ж.
4. Ермекбаева, Баян Жундебаевна. Налоговая система Республики Казахстан [Текст] : учеб. пособие / Б. Ж. Ермекбаева, А. К. Мустафина, 2019. - 185, [1] с.
- 5.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2021 жылғы 1 қыркүйек. ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ
6. Салық және салық салу : [Мәтін] : оқу құралы / С. Т. Жакипбеков, А. С. Канатов ; ҚР Білім және ғылым м-гі. - Алматы : EXLIBRIS, 2016. - 206 б.

Интернет-ресурстары:

univer.kaznu.kz/

<http://www.minfin.gov.kz/>

<http://kgd.gov.kz/ru>

<http://www.stat.gov.kz>
www.tax.kzwww.minfin.kzwww.keden.kz; www.salyk.kz, сайттарының сараптамалық және деректемелік ақпараттары болуы қажет. Қаржы бойынша қосымша оқу материалдары және univer.kaznu.kz. жүйесінде ПОӘК бөліміндегі материалдар.

